Құжатқа қол қойылған: Байжуманова Р. З., 29.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Бекишева К. А., 29.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Калымова К. К., 29.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Бекишева К. А., 29.03.2024

Қ А У Л Ы

2024 жылғы 19 наурыз № 1000-24-00-2а/62 іс Семей қаласы

Абай облыстық сотының азаматтық істер қарайтын сот алқасы құрамында төрелік етуші К.К.Калымова, судьялар К.А.Бекишева, Р.З.Байжуманова, талап қоюшының өкілдері А.С.Абугалиева, А.К.Бедеева, жауапкер өкілдері Т.Бужикенов, П.О.Костырин, үшінші тұлға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (бұдан әрі -Департамент) өкілдері К.А.Аубакирова, Р.М.Хайрулин, аудармашы А.Ж.Жумагазинаның қатысуымен,

ашық сот отырысында «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Батыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - мемлекеттік мекемесі) «Подъемцентр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі -ЖШС) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы бойынша Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (бұдан әрі -МАЭС) 2023 жылғы 15 желтоқсандағы шешіміне талап қоюшының апелляциялық шағымымен түскен электрондық азаматтық іс материалдарын қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Талап қоюшы мемлекеттік мекеме жауапкер ЖШС-ға жоғарыда көрсетілген талап қою арызымен сотқа жүгінген.

МАЭС-тың 2023 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Талап қоюшының өкілі бірінші сатыдағы соттың қабылдаған шешімімен келіспей, оның күшін жоюды сұраған.

Азаматтық істер қарайтын сот алқасы тараптардың, үшінші тұлға өкілдерінің түсініктемелерін тыңдап, іс материалдарын зерделеп, апелляциялық шағымның дәйектерін талқылай келе, сот шешімі төмендегі негіздер бойынша жойылуға жатады деп санайды.

Апелляциялық тәртіппен сот шешімін жоюға шешімде баяндалған бірінші сатыдағы сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмеуі негіз болады.

Осындай негіздер Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 427-бабының 1-бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген.

Сот анықтағандай, талап қоюшы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі -Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасында көзделген сотқа жүгіну мерзімін сақтаған.

Құжатқа қол қойылған: Байжуманова Р. З., 29.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Бекишева К. А., 29.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Калымова К. К., 29.03.2024

Бірінші сатыдағы сот қойылған талапты қанағаттандырусыз қалдырған кезде шешімді төмендегідей негіздеген.

ЖШС ұсынған 2023 жылғы 22 тамыздағы №27 «Shenzhen Royo Technology Co Ltd» компаниясының авторизациялық хатында анық емес ақпарат жоқ деп санаған, өйткені бұл хатта «Shenzhen Royo Technology Co Ltd» компаниясы ЖШС жеңімпаз аталған сәтте ЖШС-не өнім беруші болатындығын, ЖШС компанияның Қазақстан Республикасының аумағында «Samsung Electronics Co Ltd» компьютерлік техниканы сату саласындағы ресми әріптесі екені көрсетілген.

Іс құжаттарынан әлеуетті өнім беруші ЖШС атынан конкурсты ұйымдастырушыға біліктілік талаптары мен құжаттары бойынша сенімді ақпарат бергені көрінеді.

Сонымен қатар жағымсыз салдардың пайда болуы туралы ешқандай дәлел жоқ.

Баяндалған мән-жайлар негізінде, жауапкердің анық емес ақпаратты ұсынған фактісі расталмағандықтан, бірінші сатыдағы сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын негізсіз деп танып, мәлімделген талаптарды қанағаттандырусыз қалдырған.

Алайда істің мұндай тұрғысында қабылданған сот актісін заңды және негізді деп тануға болмайды.

Мемлекеттік мекеме инспекторлар үшін 59 дана планшеттік компьютерлер сатып алуға (лот № 62331527-ОК1) № 10415313-2 ашық конкурс жариялаған.

Мемлекеттік мекеме ашық конкурстың тапсырыс берушісі мен ұйымдастырушысы болған.

№ 10415313-ОК2 қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес ЖШС жеңімпаз деп танылған.

Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес әлеуетті өнім беруші:

өз тендерінің шеңберінде жабдықты өндірушіден авторизациялық хатты;

өзінің конкурстық өтінімі шеңберінде ұсынылған жабдықтың қауіпсіздік талаптарын қолдайтыны туралы ресми хатты ұсынуы тиіс.

ЖШС-мен конкурсқа ұсынылды:

тауарлардың техникалық ерекшелігі (тауарлардың электрондық каталогынан қалыптастырылады), онда тауардың атауы Планшет Samsung Galaxy Tab Active 3 SM – T575, 64 Gb, LTE. Бренд: Samsung, деп көрсетілген;

2023 жылғы 22 тамыздағы №27 «Shenzhen Royo Technology Co Ltd» компаниясының авторизациялық хаты, екі бетте қосымшасы бар хат, қосымшасы бар хаттың бірінші бетінде жеткізілуге ұсынылатын планшет: Samsung Galaxy Tab Active 3 64 Gb 4 G LTE деп көрсетілген.

Құжатқа қол қойылған: Байжуманова Р. З., 29.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Бекишева К. А., 29.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Калымова К. К., 29.03.2024

Бұдан шығатыны: ЖШС-нің тауарлардың техникалық ерекшелігінде көрсетілген тауардың атауы ЖШС-мен конкурсқа ұсынылған авторизациялық хатта көрсетілген тауардың атауына сәйкес келмейді.

Бұдан басқа, жауапкер тауарлардың техникалық ерекшелігінде тауардың атауы Бренд: Samsung, деп көрсетіп, өз тендерінің шеңберінде Samsung жабдық өндірушісінің авторизациялық хатын конкурсқа ұсынбай, 2023 жылғы 22 тамыздағы №27 «Shenzhen Royo Technology Co Ltd» компаниясының авторизациялық хатын ұсынған. Ал конкурстық құжаттаманың талаптары бойынша өзінің конкурстық өтініміне өз тендерінің шеңберінде жабдықты өндірушінің авторизациялық хатын қоса беруі керек болған.

Samsung компаниясының 2023 жылғы 21 қыркүйекте Департаментке берген №1582 жауабына сәйкес «Shenzhen Royo Technology Co Ltd» компаниясы Samsung компанияның ресми серіктесі емес және Қазақстан Республикасы аумағына жабдықтарды Samsung тауар белгісімен әкелуге және өткізуге құқығы жоқ. Тиісінше «Shenzhen Royo Technology Co Ltd» компаниясының өз атынан авторизациялық хат ұсынуға құқығы жоқ.

Осыдан келіп шығатыны, ЖШС-і біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпаратты берген.

Бұл ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады, және ол Заңның 12-бабы 4-тармағы 1) тармақшасына сәйкес келеді.

Алқаның осындай қорытындысы мемлекеттік мекемеге түскен мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау нәтижелерімен де бекиді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады.

АПК-нің 117- бабының 1- тармағы негізінде, ЖШС-нен мемлекет пайдасына 1 846 (3 692/2) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде сот шешімінің күші жойылып, жаңа шешім шығарылып, ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады.

АПК-нің 424- бабының 3) тармақшасын, 425- бабының 1) тармақшасын, 426- бабын басшылыққа алып, алқа

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 15 желтоқсандағы шешімінің күші жойылсын, жаңа шешім шығарылып, «Подъемцентр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Байжуманова Р. З., 29.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Бекишева К. А., 29.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Калымова К. К., 29.03.2024 Құжатқа қол қойылған: Бекишева К. А., 29.03.2024

«Подъемцентр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мын сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшының апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы жарияланған күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар, іске қатысатын тұлғалар, сот актілерінде мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар және олардың өкілдері, прокурор АПК 434, 436 баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына оны кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхатты беруге немесе наразылық келтіруге құқылы.

Төрелік етуші: **К.К.Калымова**

Судьялар: **К.А.Бекишева**

Р.З.Байжуманова

Көшірмесі дұрыс
Судья К.К.Калымова

Кужатка кол койылған: Калымова К. К., 29.03.2024 Кужатка кол койылған: Бекишева К. А., 29.03.2024 Кужатка кол койылған: Байжуманова Р. З., 29.03.2024

Құжатқа қол қойылған: Байжуманова Р. З., 29.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Бекишева К. А., 29.03.2024
Құжатқа қол қойылған: Калымова К. К., 29.03.2024

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911